



EGEMEN QAZAQSTAN

Мәншүктің әкесі – Алаш ардақтысы

Ахмет (Ахметғали) Мамытұлының шығармалар жинағы тұңғыш рет жарық көрді.


Алаш ардақтысы Ахмет (Ахметғали) Мамытұлы (1895-1938) – ағартушы, ақын, журналист, қазақтың алғашқы дәрігерлерінің бірі. Қазақтың қаһарман қызы Мәншүк Мәметованың әкесі. «Айқап», «Қазақ» басылымдарында өлеңдері, мақалалары басылған қайраткердің 1916 жылғы дүрбелеңде жәбір-жапа шеккен елге әлеумет көмегін жұмылдыру мақсатында «Қазақ» газеті арқылы үндеу тастаған Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатұлы, Ж.Жәнібековтер қатарында болды. Ұлт зиялыларының тарихи қызметін «Алашқа сәлем» өлеңінде «Ақ Алаш, азат Алаш, даңқты Алаш!» деген намыс толғауымен жеткізді.



Санаткердің әдеби және ғылыми мұрасы – қазіргі рухани жаңғыру үдерісіндегі ұлттық бірегейлігімізді барынша үстей түсетін құнды қазына. Таяуда А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты ғылыми кеңесі, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті жанындағы «Алаш» мәдениет және рухани даму институты ұсынуымен «Алашорда» қоғамдық қорынан Ахмет Мамытұлының шығармалары тұңғыш рет жинақталып, жарыққа шықты.

Кітаптың кіріспе сөзін, түсініктерін тілші ғалым, филология ғылымдарының докторы, А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты қызметкері Орынай Жұбаева жазды. Атақты «Ғалия», «Хұсайыния» медреселерінде, Саратов университетінің медицина факультетінде білім алған дарынның саналы ғұмыры ұлт тарихындағы күрделі кезеңдермен біте қайнасып жатыр. Қалың оқырман қолына тиіп отырған еңбек елдік мүддеге адал қызмет еткен қайраткердің сан қатпарлы әдеби, ғылыми шығармашылық тұлғасын тануға

мүмкіндік береді. Жинақта Ахмет Мамытұлының «Кеңес» (1913) өлеңдері мен көркем тәржіма жинағы, «Әйелдерге кеңес» (Қызылорда, 1932), «Теңге қотырдан сақтану жолдары» (Қызылорда, 1932), «Соз ауруы» (Қызылорда, 1935), «Тырақома (көз ауруы)» (Қызылорда, 1935), 1925-1929 жылдары «Еңбекші қазақ», «Ауыл тілі» газеттеріндегі жарияланымдарының автор тарапынан іріктеліп алынған мақалалары жинақталған «Денсаулық жолында» кітапшалары қамтылған.



Алматыдағы Тері және жұқпалы аурулар ғылыми-зерттеу институтының тұңғыш директоры қызметін атқарған білікті маманның А.А.Зубрилиннен «Өсімдіктер һәм олардың өмірлері» (Мәскеу, 1924), А.А.Бессерден «Егін өсіру жолдары (жерге су сақтап жию)» (1924), Д.Н.Анучиннен «Адам тегі» (Мәскеу, 1925), В.Н.Фалькнерден «Балалар саулығыңды сақта!» (Қызылорда, 1930) аударылған кітаптары бүгіндері де ауылшаруашылығы, медицина саласы мамандары үшін маңызын жойғаны

жоқ. Медицина саласындағы терминжасамдары да қазақ тілін ғылым тіліне айналдырудағы қажыр-қайратын көрсетеді.

«Егін өсіру жолдары (жерге су сақтап жию)», «Адам тегі» кітаптары КСРО халықтарының кіндік баспасынан Әлихан Бөкейханның алғысөзімен басылып шықты. Бұл басылымдардың қазақ оқырманы үшін маңызын Алаш көсемі «Сәскелік Россия егіншісіне бір есе керек болса, біздің қазақ егіншісіне он есе керек. Бұл кітаптың сілтеген беті егіншіні адастырмайтын қасқа жол... Өмір заңы, өмір салты талас, әдіс тартысы. Шаруа сақтауға келе жатқан, шөл жойқынға қарсы келе жатқан амал, әдіс қылу керек. Осы амал, әдіс Бессер кітабында көрсетілген» деп бағалады.

«Емле, пән атаулары туралы», «Бйсатай-Махамбет», «Оқушылар, бетінді ауылға бұр!», «Бұл кімнің міндеті?», «Қызылордаға көрініс бәгөні келді», «Бізге де уақыт» мақалалары халқының рухани жан азығына, тән саулығына сергек қараған сан қатпарлы сана сорабын танытады.

«Сезімге әсер берерлік суретті өлеңдер көбінесе Мағжан, Міржақып, кейде Сұлтанмахмұт һәм Ахмет Мәметовтікі. Бұлардың, өлеңінде өзгеше бір сарын бар. Жүрегінің сезімін суреттейтін, жалғастырып әкететін артықша бір маңыз бар. Бұлар – сыршыл (лирик) ақындар» деп Ж.Аймауытұлы, М.Әуезов «Абайдан соңғы ақындар» мақаласында айрықша екпін жасаған Ахметтің 1913 жылы Қазан қаласында басылып шыққан «Кеңес» жинағы араға ғасыр салып туған халқымен қайта қауышып отыр.

«Кеңес» – әлеуметшіл ақынның ұлттық ояну дәуірінің рухындағы қалам қарымын, азаматтық ұстанымын танытатын жинақ.

«Жан ашыған сөзім,

Нанбасаң аш көзің.

Миың болса басыңда –

Ұмтылатын кезің» деп тиегі ағытылған кітаптың «Сөз басындағы»

«Мен жаздым тыңдағанға

арнап мұны,

Тыңдамай жек көргенге болмас

бұлы.

Мен емес жалғыз сөзі

алынбаған,

Болармын сол айтылған

көптің бірі;

Жөн сөзді айту міндет

алмаса да,

Жек көріп құлақтарын

салмаса да,

Ойлаймын үлкен пайда

болар ау деп,

Түсініп біреу оқып андаса да» деген өлең жолдары А.Байтұрсынұлының

«Маса», Ғ.Қараштың «Бала тұлпар», М.Дулатұлының «Оян, қазақ»

кітаптарындағы елшілдік мұрат-мақсатпен үндесіп жатыр.

«Бірлік – ынтымақ», «Күншілік – хасад», «Ұят хия», «Ғылым нәрсе?»,

«Қазақ хақында», «Атқа мінген ағаларымызға», «Өткен халлардан», «Жалған – өтірік», «Өтінішім» өлеңдерінде ұлт бірлігі, имандылық, оқу-ағарту, ғылым мәселелері жырланады. «Төрт мезгіл» өлеңінде табиғат тылсымына бойлаған ақындық қиялдың сыршыл әлеміне қанығамыз.

Қазақ топырағындағы Абай, Ыбырай, А.Байтұрсынұлының көркем аударма дәстүрін жалғастырған Ахметтің Крыловтан аударған «Түлкі мен жүзім», «Тауық пен маржан», «Қиындық сүйген аю», «Қарға», «Қозы», «Жылан мен кісі», «Күтуші мен бөрі», «Арыстан мен түлкі», «Тышқан мен сүт», И.И.Хеменцериден тәржімалаған «Бұлбұл мен сары шымшық» мысалдары тәржімалық шеберлігіне тәнті етеді. Крыловтан жасаған аудармаларын ұлттық бояуымен қатар отаршылдықтан туындап отырған саяси-әлеуметтік түйткілдерді қазақ қоғамы шындығымен қиыстыра берудегі көркемдік нәрі ерекшелейді.

«Мысалы, түлкі біздің

надан халық,

Қорыққан әкімдерден естен

танып,

Жығылып аяғына көрген жерде –

Тақсырлап есі кетіп қолын алып...» («Арыстан мен түлкі») деп көркемдік түйіндер арқылы айқын көрсетеді.

Тұтастай алғанда, Ахмет (Ахметғали) Мамытұлының тұңғыш рет жарық көріп отырған шығармалар жинағы – Алаш ардақтысына деген үлкен құрметтің айқын бір үлгісі. Ендігі кезекте оның сан салалы мұрасы жүйелі зерттеліп, тағылымды өмірі кеңінен насихатталуы, ұлықталуы керек.

Ел үшін еңбек еткен ерді ардақтау – ұрпақ парызы.

Сағымбай ЖҰМАҒҰЛ,
Л.Гумилев атындағы ЕҰУ «Алаш»
мәдениет және рухани даму
институтының ғылыми қызметкері